



ЖАҢАРУ ҮШІН
ДАУЫС БЕР!

Мәртөк тынысы

Газет 1935 жылдан бастап шығады

№33
(9145)

21
ТАМЫЗ

Жұма
2026 жыл

Аудандық қоғамдық — саяси газеті

@ martukgazet@mail.ru

@martok_tynysy

facebook.com/martok_tynysy

Мәртөк-тынысы

martok-tynysy.kz

Құрылтайға сенім зор

Тамыздың 23-не жоспарланған сайлау Қазақстанның жаңа конституциялық негізі бойынша өткізілетін алғашқы бүкілхалықтық дауыс беру болмақ. Сондықтан ол елдің саяси жаңғыруындағы маңызды кезең. Ел бір палаталы Құрылтайға көшеді, бұл билік мемлекеттік институттарды жаңғыртуға, өкілдік демократияны, сайлау үдерісіне қоғамдық сенімді нығайтуға бағытталған стратегиялық қадамның бірі.

Конституциялық реформа 2026 жылдың 15 наурызында өткен жалпыұлттық референдумда қоғамдық қолдауға ие болғаннан кейін бұл құжат ерекше сипатқа ие болды. Өйткені халықтың көпшілігі жаңа Конституцияны қолдады. Бұған қарап, елдің институционалдық жаңғыруға, мемлекет пен оның азаматтары арасындағы сенімді нығайтуға негізделген саяси жүйеге көшуге деген ұмтылысы ерекше екенін көрсетті.

Жаңа конституциялық негізге сәйкес, Құрылтай бес жылдық мерзімге бүкіл ел бойынша пропорционалды өкілдік жүйесі арқылы сайланатын 145 депутаттан тұрады. Бұл сайлау моделі саяси партиялар мен азаматтық қозғалыстардың ұлттық шешім қабылдауға қатысуына кең мүмкіндіктер жасай отырып, ауқымды саяси өкілдікті қамтамасыз етуге бағытталған.

Осы трансформация арқылы Қазақстан заң шығарушы органға заң мен тәртіп қағидатына бағытталған жүйелі шешім шығаруына сенім артады.

Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлауда дауыс беру тәртібі

2026 жылғы 23 тамызда Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлау өтеді.

Сайлау учаскесінде сол сайлау учаскесіндегі тізімге енгізілген сайлаушылар, сондай-ақ есептен шығару куәліктерін ұсынған адамдар жеке басын куәландыратын құжатын көрсетуі бойынша дауыс бере алады.

Әр сайлаушы жеке дауыс береді.

Сайлау бюллетені жасырын дауыс беруге арналған кабинада өзі жақтап дауыс беретін саяси партия атауының оң жағындағы бос шаршыға не «Бәріне қарсымын» деген жолдағы бос шаршыға белгі қою арқылы толтырылады.

Бюллетенді өз бетінше толтыруға мүмкіндігі жоқ сайлаушы өзі сенетін және оның тегі дауыс бергеннен кейін сайлаушылардың тізіміне енгізіліп, тұсына сайлаушының бюллетені алғандығы жөнінде қолы қойылатынадамының көмегін пайдалануға хақылы.

Мыналар ондай адам болуға тиіс емес: сайлау комиссиясының мүшесі, жергілікті өкілді немесе атқарушы органның лауазымды адамы, кандидаттың сенім білдірген адамы, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілі, тиісті сайлау комиссиясында тіркелген байқаушы.

Толтырылған бюллетенді сайлаушы дауыс беруге арналған жәшікке салады.

Қазақстан Республикасының
Орталық сайлау комиссиясы

Порядок голосования на выборах депутатов Курултая Республики Казахстан

23 августа 2026 года состоятся выборы депутатов Курултая Республики Казахстан.

На избирательном участке голосуют избиратели, включенные в список избирателей на данном избирательном участке, а также лица по открепительному удостоверению по предъявлении документа, удостоверяющего личность.

Каждый избиратель голосует лично.

Избирательный бюллетень заполняется в кабине для тайного голосования путем проставления отметки в пустом квадрате справа от наименования политической партии, за которую он голосует, либо в пустом квадрате в строке «Против всех».

Избиратель, не имеющий возможности самостоятельно заполнить бюллетень, вправе воспользоваться помощью лица, которому он доверяет и фамилия которого после голосования заносится в список избирателей рядом с росписью избирателя в получении бюллетеня.

Этим лицом не могут быть: член избирательной комиссии, должностное лицо местного представительного или исполнительного органа, доверенное лицо политической партии, представитель средств массовой информации, наблюдатель, зарегистрированные в соответствующей избирательной комиссии.

Заполненный бюллетень опускается избирателем в урну для голосования.

Центральная избирательная комиссия
Республики Казахстан

Қазақстан Республикасының Жаңа Конституциясы

2026 жылғы 15 наурызда Қазақстанда Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясын қабылдау мәселесі бойынша республикалық референдум өтті. Жаңа Конституция Қазақстанның конституциялық дамуының маңызды кезеңіне айналды. Ол халықтың тікелей ерік білдіруі арқылы қабылданып, 2026 жылғы 1 шілдеде күшіне енді.

Адам және оның құқықтары - басты құндылық

Жаңа Негізгі заңның негізгі ережелерінің бірі - адамның, оның өмірінің, құқықтары мен бостандықтарының мемлекеттің ең жоғары құндылықтары ретінде бекітілуі. Жаңа Конституцияда Қазақстан Республикасының демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет екендігі атап көрсетіледі. Мемлекет адамның құқықтары мен бостандықтарының сақталуын, заңның үстемдігін және қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге міндеттенеді.

Әрбір азамат үшін сот арқылы қорғалу құқығының бекітілуінің маңызы ерекше. Конституция әрбір адамның өз құқықтары мен бостандықтарын заңда тыйым салынбаған барлық тәсілдермен қорғауға, сондай-ақ сот арқылы қорғалуға және заңға сәйкес білікті заң көмегін алуға құқығы бар екенін көздейді.

Осылайша, сот арқылы қорғау азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз етудің аса маңызды конституциялық тетіктерінің бірі болып қала береді.

Заңның үстемдігі қағидаты

Жаңа Конституция Конституция мен заңның үстемдігі қағидатына ерекше мән береді. Негізгі заңның жоғары заңдық күші бар және ол Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында тікелей қолданылады.

Конституцияда сондай-ақ мемлекеттік биліктің заң шығарушы, атқарушы және сот тармақтарына бөліну қағидаты негізінде жүзеге асырылатыны бекітілген. Бұл тармақтар Конституция мен заңдарға сәйкес өзара іс-қимыл жасайды.

Бұл ереже құқықтық мемлекетті нығайту үшін қағидатты маңызға ие, өйткені мемлекеттік органдардың қызметі тек заңда белгіленген өкілеттіктер шеңберінде жүзеге асырылуға тиіс.

Мемлекеттік институттардың жаңа жүйесі

Мемлекеттік билік жүйесін ұйымдастырудағы жаңа тәртіп ең елеулі өзгерістердің бірі болды. Конституция президенттік басқару нысанын көздейді, ал заң шығарушы орган Қазақстан Республикасының Құрылтайы деп аталады.

Сондай-ақ Негізгі заңда Қазақстан Халық Кеңесін - жаңа жоғары консультативтік-кеңесші органды құру көзделген. Конституцияда Президенттің, Құрылтайдың, Үкіметтің және басқа да мемлекеттік институттардың өкілеттіктері жеке-жеке айқындалған.

Бұл ретте Қазақстан Республикасының Президенті мемлекет басшысы, халық пен мемлекеттік биліктің бірлігінің, сондай-ақ Конституцияның, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарының мызғымастығының кепілі болып қала береді. Президент жеті жыл мерзімге сайланады және бір адам Президент болып бір реттен артық сайлана алмайды.

Конституцияның сот жүйесі үшін маңызы

Сот жүйесі үшін әрбір адамның сот арқылы қорғалу құқығының бекітілуі ерекше маңызға ие. Конституциялық нормалар сот төрелігін одан әрі дамытуға, заңдылықты нығайтуға және істердің әділ қаралуын қамтамасыз етуге негіз қалыптастырады.

Сот - азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың аса маңызды институты. Дәл сот арқылы қорғау тетігі адамның бұзылған құқығын қалпына келтіруге, өзінің заңды мүдделерін қорғауға және құқықтық дауды заңда белгіленген тәртіппен шешуге мүмкіндік береді.

Жаңа Конституция мемлекеттік билікті бөлу жүйесіндегі сот тармағының дербестігін де сақтайды. Бұл сот жүйесін одан әрі жетілдіруге және азаматтардың сот төрелігіне деген сенімін арттыруға конституциялық негіз қалыптастырады.

Конституция және азаматтардың жауапкершілігі

Негізгі заң тек құқықтарды ғана емес, адамның және азаматтың міндеттерін де айқындайды. Өз құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыру басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын бұзбауға, конституциялық құрылыстың негіздеріне, қоғамдық тәртіпке, азаматтардың денсаулығына және қоғамның адамгершілік құндылықтарына қол сұқпауға тиіс.

Құқықтар мен жауапкершіліктің осындай үйлесімі құқықтық мемлекеттің маңызды қағидатын көрсетеді: әрбір адамның бостандығы басқа адамдардың құқықтарын құрметтеумен және заңды сақтаумен ажырамас байланыста.

Конституциялық дамудың жаңа кезеңі

Жаңа Конституцияның қабылдануы тәуелсіз Қазақстан тарихындағы маңызды оқиға болды. Негізгі заң мемлекеттің іргелі құндылықтарын - егемендік пен тәуелсіздікті қорғауды, адам құқықтары мен бостандықтарын сақтауды, заң мен тәртіптің үстемдігін, қоғамдық бірлікті, білім мен ғылымды және адами капиталды дамытуды бекітеді.

Бүгінде жаңа Конституцияның ережелері заңнаманы одан әрі дамытуға және мемлекеттік органдардың қызметіне негіз болуда. Азаматтардың өздерінің конституциялық құқықтары мен міндеттерін білуі құқықтық мәдениеттің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады.

Конституция - мемлекеттің Негізгі заңы ғана емес, сонымен қатар мемлекет пен адам арасындағы өзара қарым-қатынастардың құқықтық негізі. Оның ережелері заңдылықты нығайтуға, азаматтардың құқықтарын қорғауға және әділетті әрі құқықтық қоғам қалыптастыруға бағытталған.

Осылайша, Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясы елдің конституциялық дамуының жаңа кезеңін ашады. Оның өзегінде адам, оның құқықтары мен бостандықтары, заңның үстемдігі және мемлекеттің қоғам алдындағы жауапкершілігі тұр.

С. НОГАЕВ,
Мәртөк аудандық сотның төрағасы.

Сельхозярмарка в Актобе



На коммунальном рынке «Табыс» в областном центре прошла ярмарка с участием сельхозтоваропроизводителей нашего района.

На ярмарке представили говядину и баранину товаропроизводители Байнассайского, Курмансайского, Танирбергенского сельских округов. В общей сложности 0,5 тонны мяса было реализовано по ценам на 15-20 процентов ниже рыночных. Так говядина продавалась по 2900 тенге, баранина – по 2700 тенге. Хозяйства Сарыжарского, Аккудыкского и Мартукского сельских округов жителям города и гостям предложили куриное яйцо, молочную продукцию, свежие овощи и спелую ягоду. Эти товары произведены в рамках проекта «Ауыл аманаты». Главное преимущество ярмарки – прямой путь продукции от производителя к потребителю. Это позволяет населению приобретать качественные и натуральные продукты по выгодным ценам, а сельхозпроизводителям - реализовывать свою продукцию напрямую.

БІЛІМГЕ ҰМТЫЛҒАН ЖАСТАРДЫҢ ЖЕҢІСІ: МӘРТӨКТІК 70 ТҮЛЕК ГРАНТ ИЕГЕРІ АТАНДЫ

Білім - болашаққа бастар жол. Мектеп қабырғасында алған сапалы білім мен ұстаз еңбегінің нәтижесі талапты жастың жоғары оқу орнына түсіп, таңдаған мамандығын меңгеруінен көрінеді. Биыл Мәртөк ауданының жалпы білім беретін ұйымдарын тәмамдаған түлектер үшін де қуанышты жаңалық мол. Аудан мектептерінің 70 түлегі мемлекеттік және бейіндік білім беру гранттарының иегері атанды. Бұл - түлектердің білімге деген талпынысы мен мектептердегі оқу сапасының маңызды көрсеткіштерінің бірі.

Грант иегерлерінің қатарында оқу үлгерімімен дараланған жастар да бар. Атап айтқанда, 18 түлек «Алтын белгі» иегері атанса, олардың қатарында шығармашылық бағыт бойынша грант иеленген түлек те бар. Осылайша, аудан түлектері өздерінің білім деңгейін жоғары оқу орнына түсу кезеңінде де дәлелдей білді.

Мектептер арасындағы нәтижелер

Грант иегерлерінің саны бойынша мектептер арасында да айтарлықтай нәтижелер қалыптасты. Белсенділік рейтингі бойынша ең жоғары көрсеткішті Мәртөк ауылының №2 мектеп-гимназиясы мен Сарыжар ауылының №2 жалпы білім беретін мектебінің түлектері көрсетті.

Атап айтқанда, №2 Мәртөк мектеп-гимназиясынан 16 түлек грант иегері атанды. Олардың ішінде 6 түлек «Алтын белгі» иегері. №2 Сарыжар жалпы білім беретін мектебінен 12 түлек грантқа ие болды. Олардың қатарында 6 «Алтын белгі» иегері және 1 үздік түлек бар.

Сонымен қатар, №4 Мәртөк жалпы білім беретін мектебінің 7 түлегі, №1 Мәртөк жалпы білім беретін мектебінің 6 түлегі, Саржансай жалпы білім беретін мектебінің 6 түлегі грант иегері атанды.

Өзге мектептер бойынша да нәтижелер көңіл қуантады. Родниковка жалпы білім беретін мектебінен - 5, Қаратоғай жалпы білім беретін мектебінен - 5, №1 Сарыжар жалпы білім беретін мектебінен - 3, №3 Мәртөк жалпы білім беретін мектебінен - 2, №3 Сарыжар жалпы білім беретін мектебінен - 2, Жайсаң жалпы білім беретін мектебінен - 2 түлек грант иеленді.

Сондай-ақ Аққайың жалпы білім беретін мектебі, Вознесенка жалпы білім беретін мектебі және Қызылжар жалпы білім беретін мектебінің бір-бір түлегі грантқа ие болды. Вознесенка және Қызылжар мектептерінің грант иегерлері үздік түлектер қатарынан.

Биылғы нәтижеге Кеңсахара жалпы білім беретін мектебі мен Қаратоғай жалпы білім беретін мектебінің түлектері де өз үлесін қосты. Аталған екі мектептен бір-бір түлек шығармашылық бағыт бойынша білім грантына ие болды. Олардың бірі «Алтын белгі» иегері атанды.

Бұл көрсеткіштер аудан көлеміндегі әр мектепте білім алушылардың жоғары оқу орнына түсуге бағытталған жүйелі дайындық жұмыстары жүргізіліп отырғанын аңғартады.

Сұранысқа ие мамандықтар

Жастардың мамандық таңдауы - олардың болашақ кәсіби жолын айқындайтын маңызды қадам. Биылғы грант иегерлерінің таңдауы да еңбек нарығындағы сұранысқа ие салаларға деген қызығушылықтың жоғары екенін көрсетті.

Грант иегерлері арасында ең көп таңдалған бағыттардың қатарында педагогика және әлеуметтік ғылымдар, ақпараттық технологиялар мен инженерия, құқық, қауіпсіздік және гуманитарлық ғылымдар, медицина және жаратылыстану

ғылымдары бар.

Ең жоғары көрсеткіш педагогика және әлеуметтік ғылымдар бағытына тиесілі. Бұл бағыт бойынша 23 грант иеленіп, жалпы гранттардың 37,7 пайызын құрады.

Аталған бағытта математика және физика пәндерінің мұғалімі, химия және биология пәндерінің мұғалімі, қазақ тілі, шет тілі және бастауыш сынып мұғалімі, арнайы педагогика, дене шынықтыру және спорт секілді мамандықтар таңдалған.

Мәселен, математика және физика пәні мұғалімі мамандығын №2 Мәртөк мектеп-гимназиясының 3 түлегі, №4 Мәртөк мектебінің 2 түлегі, сондай-ақ №2 Сарыжар, Жайсаң, Саржансай және №1 Сарыжар мектептерінің түлектері таңдаған.

Химия және биология пәндері мұғалімі бағыты бойынша №2 Мәртөк, №3 Мәртөк және №2 Сарыжар мектептерінің түлектері грант иеленді. Қазақ тілі, шет тілі және бастауыш сынып мұғалімі мамандықтарын №2 Мәртөк, №4 Мәртөк, №2 Сарыжар және Қызылжар мектептерінің түлектері таңдаған.

Арнайы педагогика бағыты бойынша №2 және №3 Мәртөк мектептері, Қаратоғай, Родниковка және Саржансай мектептерінің түлектері грантқа ие болды. Ал дене шынықтыру және спорт бағытын Саржансай мен №3 Сарыжар мектептерінің түлектері таңдаған.

ІТ мен инженерияға қызығушылық артып келеді

Қазіргі заман талабына сай ақпараттық технологиялар мен инженерлік бағыттарға деген жастардың қызығушылығы да жоғары. Биыл бұл бағыт бойынша 14 түлек, яғни жалпы гранттардың 23 пайызын иеленді.

Ақпараттық технологиялар және ІТ бағыты бойынша №2 Сарыжар мектебінен 3, №2 Мәртөк мектеп-гимназиясынан 1, №4 Мәртөк мектебінен 1, Жайсаң мектебінен 1 және Родниковка мектебінен 1 түлек грантқа ие болды.

Көлік техникасы, логистика және құрылыс салаларын да аудан жастары таңдаған. Бұл бағытта №1 Мәртөк мектебінен 2, №2 Мәртөк мектеп-гимназиясынан 2, №4 Мәртөк мектебінен 2 және Саржансай мектебінен 1 түлек грант иеленді.

Электротехника, энергетика және металлургия салалары бойынша №1 Мәртөк мектебінен 1, №2 Сарыжар мектебінен 2 және №1 Сарыжар мектебінен 1 түлек білім грантына қол жеткізді. Сонымен қатар №1 Мәртөк мектебінің түлегі тау-кен ісі бағытын таңдаса, №4 Мәртөк мектебінің түлегі сәулет және құрылыс, яғни архитектура бағытына грант иеленді.

Бұл көрсеткіштер аудан жастарының заман талабына сай жаңа технологиялар мен техникалық мамандықтарға да бет бұрып келе жатқанын көрсетеді.

Медицина мен жаратылыстану ғылымдары

Ақ халатты абзал жан болуды армандаған түлектер де аз емес. Медицина және жаратылыстану ғылымдары бағыты бойынша 10 грант бөлініп, бұл жалпы көрсеткіштің 16,4 пайызын құрады.

Медицина мамандығын №1 Мәртөк, Родниковка, Саржансай, №1 және №2 Сарыжар мектептерінің түлектері таңдаған.

Ал жер туралы ғылым және қоршаған орта, экология бағыттары бойынша №2 Мәртөк, Аққайың, Жайсаң, Родниковка және №2 Сарыжар мектептерінің түлектері грант иегері атанды.

Жаратылыстану ғылымдарына деген қызығушылықтың болуы - жастардың қоршаған ортаны зерттеу, табиғи ресурстарды тиімді пайдалану және қоғам үшін маңызды салаларда еңбек етуге ұмтылысының көрінісі.

Құқық, қауіпсіздік және гуманитарлық бағыттар

Биылғы түлектер арасында құқық қорғау, заң, қауіпсіздік және гуманитарлық ғылымдарға қызығушылық танытқандар да көп. Бұл бағыт бойынша 14 грант беріліп, жалпы гранттардың 23 пайызын құрады.

Құқық қорғау және заң салаларын №2 Мәртөк мектеп-гимназиясының 2 түлегі, №4 Мәртөк мектебінің 1 түлегі, Родниковка мектебінің 2 түлегі және Саржансай мектебінің 1 түлегі таңдаған.

Саясаттану, әлеуметтану және туризм бағыттары бойынша Вознесенка мектебінен 1 және Қаратоғай мектебінен 2 түлек грантқа ие болды.

Өнер, гуманитарлық ғылымдар және медиа салалары бойынша №1 Мәртөк мектебі мен №2 Сарыжар мектебінің түлектері білім грантын жеңіп алды. Ал экономика және ақпараттық қауіпсіздік бағыттары бойынша Қаратоғай және Родниковка мектептерінің түлектері грант иеленді.

Сонымен бірге биыл ауданның екі түлегі шығармашылық білім беру бағдарламалары бойынша грант иеленіп, өз өнері мен қабілетін кәсіби бағытта дамытуға мүмкіндік алды. Бұл - Мәртөк жастарының біліммен қатар шығармашылық салаларда да өз мүмкіндігін танытып келе жатқанын көрсетеді.

Тағы бір мақтанарлық жаңалық - өткен жылғы Алтын белгі иегері, Мәртөк №2 гимназиясы түлегі Алдажарова Аружан биыл АҚ -тың ең таңдаулы оқу орындарының бірі Стэнфорд университетіне қабылданды.

ЖОО таңдауы да маңызды

Талапкерлердің жоғары оқу орындарын таңдауы да әртүрлі болды. Аудан түлектері арасында ең көп таңдалған оқу орны - Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті. Бұл оқу орны өңірлік таңдаудың абсолютті көшбасшысы болып, 18-ден астам түлектің таңдауы түскен.

Сонымен қатар түлектер Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университетін, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетін, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетін, сондай-ақ Логистика және көлік академиясын (ALT) таңдаған.

Бұл - Мәртөк жастарының тек өңірлік жоғары оқу орындарымен шектелмей, еліміздің жетекші оқу орындарына да білім алуға ұмтылатынын көрсетеді.

Білім - еңбектің нәтижесі

Мәртөк ауданы бойынша 69 түлектің білім грантына ие болуы, оның ішінде 18 түлектің «Алтын белгі» иегері атануы - ауданның білім саласындағы елеулі жетістіктерінің бірі. Бұл - бір күндік еңбектің нәтижесі емес. Оның артында оқушының талабы, ата-ананың қолдауы, ұстаздың еңбегі және мектеп ұжымының жүйелі жұмысы тұр.

Әрбір грант - белгілі бір түлектің жеке жетістігі ғана емес, оның білім алған мектебі үшін де үлкен мәртебе. Әсіресе ауыл мектептерінің түлектері арасындағы нәтижелер аудан білімінің әлеуетін айқын көрсетеді.

Биылғы көрсеткіштерге қарасақ, жастардың мамандық таңдауы да заман ағымына сай қалыптасып келеді. Бірі - ұстаздық жолды, бірі - ІТ мен инженерияны, енді бірі - медицина мен құқық саласын таңдаған. Ал шығармашылық бағытты таңдаған екі түлектің грантқа ие болуы аудан жастарының өнер мен мәдениет саласына да қызығушылығы жоғары екенін аңғартады.

Мәртөк ауданының 70 түлегінің білім грантына ие болуы - ауданның білім саласындағы маңызды жетістіктерінің бірі. Бұл нәтиже талапты жастарға қолдау көрсетіп, сапалы білім берудің маңызын тағы бір мәрте дәлелдейді.

Білім жолындағы әр жеңіс - ел болашағына салынған инвестиция. Ал Мәртөк жастарының 69 грантпен толығы, 18 «Алтын белгі» иегерінің шығуы - жаңа оқу жылын үлкен жетістікпен бастайтын талапты ұрпақтың қалыптасып келе жатқанын көрсетеді.

ЖАСТЫҚ САЯБАҒЫНДА РЕТРО ӘУЕНДЕР СЫР ШЕРТТІ

Сәрсенбі күні Мәртөк ауылындағы «Жастық» саябағы ерекше әуен мен көтеріңкі көңіл-күйге бөленді. Бұл күні тұрғындар мен қонақтар үшін 80-90 жылдардағы әндерге арналған «Ретро Disco» атты музыкалық кеш ұйымдастырылды. Ашық аспан астында өткен концертке аудан тұрғындары көптеп жиналып, өткен дәуірдің сырлы сазына бөленді.

80-90 жылдар - музыка әлемінде өзіндік қолтаңбасы қалған, талай тыңдарманның жүрегінен орын алған әндермен есте қалған кезең. Сол жылдардағы әуендер бүгінгі күнге дейін өз мәнін жоғалтпай, бірнеше буынның сүйікті әндеріне айналып келеді. Кеш барысында осы кезеңнің танымал шығармалары орындалып, көрермендер әнге

қосылып, би билеп, еркін демалды.

Концерттің басты ерекшелігі - Ресей Федерациясынан арнайы келген «Мечтатели» тобының өнер көрсетуі болды. Қонақ ұжым ретро бағыттағы әндерді орындап, көрерменге ерекше музыкалық көңіл-күй сыйлады. Топтың сахнаға шығуы көпшілік үшін күтпеген әрі жағымды тосынсыйға айналып, кештің мазмұнын одан әрі байыта түсті.

Кеш бағдарламасы тек шетелдік қонақтардың өнерімен шектелген жоқ. Сахна төрінде жергілікті өнерпаздар мен шығармашылық ұжымдар да өнер көрсетті. Бағдарламада «Погода», «ВИА Попурри», «Көктем шақырады» ансамблі, «Қаламбур», әйелдер биі, «Чаровницы», «Продэнс» сияқты шығармашылық топтар мен орындаушылардың өнері көпшілік назарына ұсынылды.

Сонымен қатар концерт барысында аудан өнерпаздары да өздерінің музыкалық қабілеттерін танытып, көрерменнің ыстық ықыласына бөленді. Ақылбек Төретөев «Қуанышым менің» әнін орындаса, Мұхамбетжан Ұзақбаев «Таңғы елес» шығармасымен көпшіліктің көңілінен шықты.

Виктория Набиулина «Sunny» әнін орындап, кештің шырайын аша түсті. Райымбек Самбаев «Шофер» әнін орындаса, Әсел Күзенбаева «Аппақ гүлдер», «Жан гүлім» секілді әндерімен көрерменге көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.

Кеш барысында ән мен би қатар өріліп, саябақтағы жұртшылық бір сәтке күнделікті күйбең тіршіліктен алыстап, музыка әлеміне саяхат жасағандай әсер алды. Әсіресе 80-90 жылдардағы әуендерді жақсы білетін аға буын өкілдері үшін бұл кештің орны белек болды. Таныс әндер өткен күндерді еске түсіріп, жастық шақтың жарқын сәттерін қайта жаңғыртты.

Жастар да ретро музыкаға қызығушылық танытып, концерттің белсенді көрермендеріне айналды. Бұл - жақсы музыканың уақыт пен буын талғамына қарамай, адамдарды біріктіретінін көрсеткендей. Әуен ырғағына ілескен көрермендер қол соғып, өнерпаздарға қолдау білдіріп отырды.

«Жастық» саябағының ашық алаңында өткен концерттің тағы бір ерекшелігі - көрермендердің еркін әрі жайлы жағдайда мәдени демалыс өткізуіне мүмкіндік жасалуы.

Жазғы кештің самалы, әуезді әндер мен би, сахнадағы жарқын қойылымдар мерекелік көңіл-күйді одан әрі арттыра түсті.

«Ретро Disco» концерті - музыка арқылы әр жылдардың тынысын сезіндіретін, аға буынның естелігін жаңғыртып, жас ұрпақты өткен дәуірдің өнерімен таныстырған мазмұнды мәдени шара болды. Мұндай кештер аудан тұрғындарының бос уақытын тиімді өткізуіне, мәдени орта қалыптастыруға және өнерге деген қызығушылықты арттыруға мүмкіндік береді.

Концерт соңында көрермендер өнерпаздарға зор қошемет көрсетіп, ұйымдастырушыларға алғыстарын білдірді. Ресей Федерациясынан келген «Мечтатели» тобының өнері мен жергілікті шығармашылық ұжымдардың өнерін үйлестірген кеш көпшілікке ерекше әсер қалдырды.

Әсем ән мен ырғақты биге ұласқан ретро кеш Мәртөк тұрғындарына ұмытылмас көңіл-күй сыйлап, 80-90 жылдардың музыкалық әлеміне тамаша саяхат жасатты. Жастық саябағында өткен бұл кештің әсері көрермендердің жадында ұзақ сақталары сөзсіз.

Набирает темп уборочная кампания

Земледельцы убирают хлеб в интенсивном режиме. В этом году в районе планируется убрать 88 287 гектаров зерновых. К уборочным работам привлечено 1 307 единиц техники: тракторы, зерноуборочные комбайны, грузовые автомобили, косилки. Для обеспечения аграриев горюче-смазочными материалами выделено дизельное топливо. Его стоимость составит до 15% ниже рыночной цены.

Как сообщили в отделе сельского хозяйства, на сегодняшний день в районе убрано 15 381 гектар, собрано более 128 тысяч тонн продукции. Средняя урожайность составляет 18,2 центнера с гектара.

Дружно начали хлебоуборку хозяйства Аккудыкского, Танирбергенского, Кызылжарского, Хазретовского, Родниковского, Курмансайского сельских округов. Около 30 КХ и ТОО косят ячмень, овес, пшеницу. Наибольшая урожайность яровой пшеницы в хозяйствах «АсАрАз» - 17 ц/га, в КХ «Факел» и «Фиалка» - 15 ц/га. Ячмень даёт по 20 ц/га в КХ «Алина», по 19 ц/га в КХ «АсАрАз». Овес косят в КХ «Победа» по 13 ц/га. Средняя урожайность озимых культур - 22 ц/га, их скошили на площади 8 466 га. Наибольший намотот в ТОО «Родники - Агро» там средняя урожайность составила 23 ц/га. Основной этап уборочной кампании ожидается в третьей декаде августа.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Жеке тұлға Даулетназарова Аманбике ҚР ЭК-нің 73 - бабына сәйкес 2026 жылы 05қазан сағат11:00, Ақтөбе облысы, Мәртөк ауданы, Мәртөк ауылдық округі, Мәртөк ауылы, Есет Көкіұлы көшесі, 96мекен-жайында «Ақтөбе облысы Мәртөк ауданы Мәртөк ауылдық округінде Беккари шұңқырын (мал қорымын) салу» жұмыс жобасы бойынша ықтимал әсер ету туралы есептің жобасына қатысты қоғамдық тыңдаулар ашық жиналыс түрінде өтетінін хабарлайды.

Төтенше жағдай немесе шектеу іс-шаралары енгізілген жағдайда қоғамдық тыңдаулар онлайн режимінде өткізіледі, белсенді сілтеме:

<https://us05web.zoom.us/j/88519749106?pwd=9Hb0YHgBt3Rv4Hr18UjNrTdkXjsXE3.1>

Конференция идентификаторы: 885 1974 9106; Кіру коды:3GETuV

Жобалық құжаттамамен <https://hearings.ndbecology.gov.kz/> сайтында, сонымен қатар ЖАО сайтына сілтеме: <https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe-zher-paidalanuy?lang=kk> арқылы танысуға болады.

Барлық ескертулер мен ұсыныстар қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмей <https://hearings.ndbecology.gov.kz/> порталында, сондай-ақ aktobe.urptr@yandex.kz электрондық поштасы арқылы қабылданады.

Қосымша ақпаратты белгіленген қызметтің бастамашасы: жеке тұлға Даулетназарова Аманбикеден алуға болады. Мекен-жай: ҚР, Ақтөбе облысы, Мәртөк ауылы, Әбдіров көшесі, 34, тел: +77711027678, эл.пошта: aibar_85_85@mail.ru.

Жобаны әзірлеуші: «Жобалық шешім» ЖШС, БСН 080740010746, ҚР, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, Әлия Молдағұлова даңғылы, 46, 504-кеңсе, тел:+77132741159, эл.пошта: zsproekt2012@mail.ru.

Ықтимал әсер ету туралы есепті әзірлеуші: ЖК Керімбай Темірбек, ҚР, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, Жаңақоныс ауылы, Б кварталы, 122, тел/факс: +77014694050, эл.пошта: kerimbayecologygroup@mail.ru.

Әсер ету аймағы:
- Мәртөк ауылы, Мәртөк ауылдық округі, Мәртөк ауданы, Ақтөбе облысы, географиялық координаты 50°46'34.40" с.е.; 56°29'13.58" ш.б.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

Частное лицо Даулетназарова Аманбике в соответствии с требованиями ст. 73 ЭК РК сообщает, что в 11:00 ч. 05 октября 2026 года по адресу: Актюбинская область, Мартукский район, Мартукский сельский округ, село Мартук, ул. Есета Кокеулы, 96 будут проводиться общественные слушания в отношении проекта отчета о возможных воздействиях посредством открытого собрания по рабочему проекту «Строительство ямы Беккари (скотомогильника) в Мартукском сельском округе Мартукского района Актюбинской области».

В случае введения чрезвычайного положения и (или) ограничительных мероприятий общественные слушания проводятся в онлайн-режиме по активной ссылке:

<https://us05web.zoom.us/j/88519749106?pwd=9Hb0YHgBt3Rv4Hr18UjNrTdkXjsXE3.1>

Идентификатор конференции: 885 1974 9106; Код доступа: 3GETuV

С пакетом проектной документации можете ознакомиться на портале <https://hearings.ndbecology.gov.kz/>, а также сайт МИО по ссылке: <https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe-zher-paidalanuy?lang=ru>.

Все замечания и предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на портале <https://hearings.ndbecology.gov.kz/>, а также по электронной почте: aktobe.urptr@yandex.kz.

Дополнительную информацию можно получить от инициатора намечаемой деятельности: Частное лицо Даулетназарова Аманбике. Адрес: РК, Актюбинская область, с.Мартук, ул Абдилова 34, тел:+77711027678, эл.адрес: aibar_85_85@mail.ru.

Составитель проекта: ТОО «Жобалық шешім», БИН 080740010746, РК, Актюбинская область, г. Актобе, пр. А. Молдагуловой, 46, офис 504, тел: +77132741159, эл.адрес: zsproekt2012@mail.ru.

Составитель отчета о возможных воздействиях: ИП Керімбай Темірбек, РК, Актюбинская область, г. Актобе, с. Жанаконис, квартал Б, 122, тел/факс: +77014694050, эл.адрес: kerimbayecologygroup@mail.ru.

Территория воздействия:

- с. Мартук, Мартукский СО, Мартукский район, Актюбинская область, географические координаты 50°46'34.40" с.ш.; 56°29'13.58" в.д.

Ертегі әлеміне саяхат: Жастық саябағында балаларға арналған танымдық кеш өтті

ӨТКЕН ЖҰМА КҮНІ МӘРТӨК АУЫЛЫН-ДАҒЫ «ЖАСТЫҚ» САЯБАҒЫНДА БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН «ЕРТЕГІ ОҚЫҢЫЗ, БІРГЕ ОЙНАЙМЫЗ!» АТТЫ ТАНЫМДЫҚ-ОЙЫН-САУЫҚ КЕШІ ӨТТІ. АТАЛҒАН ШАРАНЫ МӘРТӨК АУДАНДЫҚ БАЛАЛАР КІТАПХАНАСЫ ҰЙЫМДАСТЫРДЫ.

Ашық аспан астында өткен кеш балаларға көтеріңкі көңіл күй сыйлап, олардың кітапқа, ертегілерге және шығармашылыққа деген қызығушылығын арттыруға бағытталды.

Кеш барысында балалар ертегілер әлеміне саяхат жасап, өз білімдері мен тапқырлықтарын сынады. Қатысушыларға қазақ және әлем әдебиетіндегі танымал шығармалар мен кейіпкерлерге байланысты викториналық сұрақтар қойылды. Балалар Алдар Көсе, Ер Төстік, Қожа секілді сүйікті кейіпкерлерді танып, шығармалардың авторларын атап, ертегі желілеріне қатысты сұрақтарға белсенді жауап берді. Сонымен қатар «Гарри Поттер», «Бауырсақ», «Шалқан», «Морозко» сынды шығармалар бойынша да қызықты сұрақтар қамтылды.

Танымдық бөлімнен кейін балалар түрлі көңілді ойындарға қатысты. «Спагетти» ойыны, көзі байлаулы күйде допты дәлдеп ұру, «Стрелок из лука», боулинг және доппен хоккей секілді сайыстарда балалар ептілік пен шапшаңдықтарын көрсетті. Ойындар барысында бүлдіршіндер бір-біріне қолдау көрсетіп, ұйымшылдық пен белсенділіктің үлгісін танытты.

Кештің мазмұнын толықтырған маңызды бөлімнің бірі - «Ертегі еліне саяхат» атты кітап көрмесі болды. Балаларға ертегі кітаптары таныстырылып, кітаптың адамды қиял әлеміне жетелейтін ерекше құндылығы туралы айтылды. Кітапханашылар жас оқырмандарды кітап оқуға шақырып, әр кітаптың жаңа бір әлемге жол ашатынын жеткізді.

Шара соңында балаларға арналған «Күншуақ» журналы таратылып, бүлдіршіндерге қуаныш сыйланды.

Мәртөк аудандық балалар кітапханасы ұйымдастырған бұл кеш балалардың жазғы демалысын мазмұнды өткізуге мүмкіндік беріп қана қоймай, олардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыруға да ықпал етті. Танымдық викторина, көңілді ойындар мен кітап



көрмесі үйлесім тапқан кеш балалардың есінде ерекше әсермен қалды.

Ертегі - баланың қиялын қанаттандырып, жақсылыққа жетелейтін ғажайып әлем. Ал сол әлемге бастар жол - кітаптан басталады.

Чтобы уберечь лес от пожара, рекомендуется:

Не бросать на землю горящие спички или непотушенные окурки. Не разводить костры в пожароопасный период. Если костёр необходим, следует выбрать открытое место, окопанное минерализованной полосой (шириной не менее 0,5 м). Перед уходом костёр нужно залить водой, засыпать землёй и убедиться, что он не тлеет. Не оставлять мусор. Стекланные бутылки, промасленные тряпки и даже фольга могут спровоцировать пожар. Не поджигать траву. Весенние палы и выжигание сухой растительности часто перерастают в масштабные возгорания. Не использовать пиротехнику и не курить в лесу. Тлеющий пепел или искра от петарды легко воспламеняют сухую хвою и листву. Быть осторожным с транспортом. Мотоциклы и автомобили с неисправным глушителем нужно оставлять за пределами леса.

ЦЮПАК В.В,
зам.лесничего Белгаинского хозяйства

ЖЫЛЫТУ МАУСЫМЫНДА ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІН САҚТАЙЫҚ!

Күзгі-қысқы кезеңнің жақындауына байланысты тұрғын үйлерде жылыту маусымына дайындық жұмыстары жүргізілуде. Осыған орай әр тұрғын пештер мен жылыту құрылғыларын қауіпсіз пайдалануға ерекше көңіл бөлуі қажет.

Пешті пайдаланар алдында:

- пеш пен түтін мұржасының жарамдылығын тексеріп, ақауларын жою;
- түтін мұржаларын күйеден тазалау;
- пештің алдына өлшемі кемінде 0,5 × 0,7 метр металл қаңылтыр орнату;
- пештің жанғыш материалдардан қауіпсіз қашықтықта орналасуын қамтамасыз ету қажет.

Пешті пайдалану кезінде:

- жанып тұрған пешті қараусыз қалдырмаңыз;
- пешті балалардың қарауына тапсырмаңыз;
- пешті жағу үшін бензин, керосин және басқа да

жанғыш сұйықтықтарды пайдаланбаңыз;

- пешті шамадан тыс қыздырмаңыз;
- пешке және түтін мұржасына жақын жерде киім, отын және басқа да жанғыш заттарды кептірмеңіз;
- жарықтары немесе басқа да ақаулары бар пешті пайдаланбаңыз.

Пешті және түтін мұржасын жылыту маусымы басталғанға дейін міндетті түрде тексертіп, анықталған ақауларды дер кезінде жою қажет.

Құрметті тұрғындар!

Өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтау – өзіңіздің және жақындарыңыздың қауіпсіздігін қамтамасыз етудің басты кепілі.

Өрт немесе түтін байқалған жағдайда дереу 101 немесе 112 нөміріне хабарлаңыз.

Қауіпсіз жылыту маусымы – әр отбасының жауапкершілігінен басталады!

Меншік иесі:
«Мәртөк тынысы» ЖШС
Директор Сәттіғұл ҚАРАКЕЕВ
Мекен-жайы: Мәртөк селосы,
Өтебалинов көшесі 125/3, тел: 21-9-78
Газет Қазақстан Республикасы мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінде тіркеліп, №11054-Г куәлігі 2010 жылдың 26 шілдесінде берілген.

Бас редактор: Елена ОНИСЬКОВА, тілші Әлиянұр КЕЛБАТЫРОВА

Мәртөк
Тынысы

«Мәртөк тынысы» аудандық қоғамдық-саяси газеті
Мекен-жайы: 030600, Мәртөк селосы, Жамбыл 83.
Байланыс телефоны: 8-71331-21-9-13, martukgazet@mail.ru

Жарияланым авторларының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді.
Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауап береді

«Хабар-сервис» ЖШС баспаханасында
басылды. Смағұлов көшесі 9/2
Басылу сапасы жөнінде 400-400
телефонына хабарласуға болады

Газет аптасына бір рет шығады.
Таралымы 1000 дана. Тапсырыс № 1231
Көлемі 1 баспа табақ, индексі 65510

Құттықтау!



Құрметті Асылбек YCEHOV!

Сізді Қоғамдық кеңес атынан мерейлі жасыңызбен шын жүректен құттықтаймыз! Сізге зор денсаулық, отбасылық амандық, еңбегіңізге толағай табыс, абырой-беделіңіздің биік болуын тілейміз. Ел игілігі жолындағы еңбегіңіз жемісті болып, әр бастамаңызға сәттілік серік болсын. Әрдайым ел-жұрттың құрметіне бөленіп, туған өлкенің өркендеуіне қосып жүрген үлесіңіз арта берсін.

Шаңырағыңызға шаттық пен береке, өміріңізге қуаныш пен бақ-дәулет тілейміз. Алдағы күндеріңіз жарқын жетістіктерге, игі жаңалықтарға толы болсын!

Құрметпен,
Мәртөк аудандық Қоғамдық кеңесі

Футбольное обозрение

11, 13 и 14 августа в Мартуке на центральном стадионе «Кайрат» состоялись матчи второго тура районного чемпионата по футболу.

На своём поле играли команды «Мартук» и «Мартук 35+». Молодёжная мартукская команда остаётся крайне неудобным соперником для старших коллег. За всю историю очных противостояний чаще побеждала команда «Мартук». Не стала исключением и эта встреча. После первого гола в исполнении Алексея Крицкого три гола подряд забил лидер команды – атакующий полузащитник Жандос Аманкосов. Каждый гол – шедевр. Первый был забит с центра поля (после вброса мяча) идеально в ворота. Второй гол влетел в сетку ворот с пределов штрафной. Третий удар с метров сорока тоже увенчался успешным взятием ворот – 3:1 в пользу команды «Мартук». Серьёзной потерей для команды «Мартук 35+» стало удаление с поля вратаря за срыв голевой атаки (фол последней надежды). Команда осталась в меньшинстве, и в ворота был вынужден стать нападающий Асхат Конгиреев.

Команды «Жайсан» и «Курмансай» подошли к игре с разным настроением. «Курмансай» после первого тура набрал 3 очка, а «Жайсан» пока не знал победы в чемпионате, он сыграл вничью и имел в активе 1 очко.

В первом тайме жайсанцы играли хорошо, опасно действовали в штрафной площадке соперника, но им не хватало точности в ударах по воротам. Был даже момент, когда они фактически «закрыли» противника на своей половине, но «Курмансай» грамотно оборонялся. Курмансайцы первыми открыли счёт на 46 минуте матча. После штрафного удара в исполнении Николая Бугаенко мяч головой подправил в ворота Кайырбек Жарылгасын. Спустя двенадцать минут уже с игры забил дальним ударом гол сам Николай Бугаенко. После «Курмансай» попытался сохранить преимущество, однако жайсанцы всё-таки отквитали один гол. Со штрафного точно пробил в створ ворот Алимжан Туралиев. Итоговый счёт 2:1 в пользу курмансайцев, они продолжают лидировать в чемпионате. Отметим, в этом матче не было удалённых футболистов, но главный арбитр Баркын Жанболат показал 5 желтых карточек за игру.

Команда «Сарыжар» начала сезон с поражения, поэтому в матче с командой «Аккудык» (шекара) играла сверхмотивировано, итог встречи 4:0 в пользу сарыжарцев. Лучшими игроками чемпионата стали: в первом туре – Тлеу Нурбек («Мартук 35+»), во втором туре – Жандос Аманкосов («Мартук»).

Жырадан шашылған сырлы кеш



Жазғы кештің ерекше бір әсем сәтінде «Жастық» саябағында сөз бен саз үндескен, жүрекке жылу сыйлаған әсерлі поэзиялық кеш өтті. «Шабьт пен жырдың кеші» атты рухани жүздесу өлеңді сүйетін жандардың басын қосып, көрерменге көтеріңкі көңіл күй мен ұмытылмас әсер сыйлады. Кештің негізгі өзегі – поэзияның адам жанындағы сезім мен ойды жеткізетін құдіретін сезіндіру болды. поэзия кеші сценарий.docx

Кеш барысында қазақ поэзиясының алыптары – Абай, Мұқағали Мақатаев, Төлеген Айбергенов сынды ақындардың шығармалары оқылып, жыр сүйер қауымға рухани азық болды. Абайдың ел мен жер тағдырын толғаған, адам бойындағы жағымсыз қасиеттерді сынап, білім мен өнерге үндейтін өлеңдері оқылды. поэзия кеші сценарий.docx

Әдеби кештің ажарын ауданымыздың ақыны Валентина Козаченконың Мәртөкке арналған «О Мартуке» шығармалары аша түсті. Туған өлкенің табиғаты мен тарихын, оған деген ыстық ықыласты жырға қосқан туындылар көрермен көңілінен шықты. поэзия кеші сценарий.docx

Кеште поэзия ғана емес, әсем әуен де қатар өрілді. Мұхтар Уразалиев пен Асель Берденованың Абай әндерінен құралған попури, Райымбек Самбаевтың гитарамен орындаған әні, Асель Кузембаеваның «Сен үшін жаралғандаймын», «Біздегі сезім ғажап» әндері кештің көркемдік бояуын қанықтыра түсті.

Кештің тағы бір әсерлі сәті – орыс поэзиясының сырлы әлеміне арналды. Сергей Есениннің «Не жалею, не зову, не плачу» өлеңін Тамара Сторожева оқып, жырдың тіл мен ұлт шекарасынан тыс, адам жүрегіне ортақ сезім екенін аңғартты. поэзия кеші сценарий.docx

Жас ақындардың шығармашылығына да арнайы

орын берілді. Ақбота, Ырзабек Ермаков, Гүлфат Дарибаева өз өлеңдерін оқып, көрерменге жастықтың арманын, махаббатты, өмір жайлы толғаныстарын жеткізді. поэзия кеші сценарий.docx

Поэзия кешінің ең жылы әрі тағылымды тұстарының бірі – Мұқағали Мақатаевтың «Өзіңді өзің жақсы көр» және Төлеген Айбергеновтың «Ана» өлеңдерінің оқылуы болды. Жадыра Мадиева мен Ақбөбек Сағи орындаған бұл шығармалар көрермен жүрегіне ерекше әсер қалдырды. Ал «Ана туралы жыр» әнін көрермендермен бірге орындау кештің шырайын одан әрі аша түсті. поэзия кеші сценарий.docx

Кештің еркін әрі қызықты бөлігі «Еркін микрофон» айдарымен жалғасты. Көрермендер өздеріне ұнайтын өлеңдерін оқып, жырға деген сүйіспеншілігін бөлісті. Сонымен қатар «Әуенді тап» ойыны ұйымдастырылып, көрермендер әуен арқылы белгілі шығармаларды табуға қатысты. поэзия кеші сценарий.docx

Ашық аспан астында, саябақтың жайлы кешінде өткен бұл кездесу көпшілікке ерекше көңіл күй сыйлады. Бірі жыр тыңдап тебіренсе, бірі әнге қосылып, енді бірі сүйікті өлеңін оқып, өнерге деген құрметін білдірді.

Осындай рухани кештер – адамдарды жақындастырып қана қоймай, әдебиетке, өнерге, туған жерге деген сүйіспеншілікті арттыратын тағылымды басқосулар. «Жастық» саябағында өткен поэзия кеші де көрермен көңілінде ұзақ сақталатын әдемі кештердің біріне айналды.

Кеш соңында ұйымдастырушылар көрермендерге алғыс айтып, өлеңге деген сүйіспеншілік пен әдемі сөзге деген құрмет осындай кездесулерде жалғаса берсін деген ізгі тілектерін жеткізді.

Мартукский элеватор открыл сезон приёмки зерна



Первые партии золотистого урожая, выращенного аграриями, начали поступать на хранение.

Погода в этом году способствовала хорошему урожаю, поэтому сельхозтоваропроизводители надеются на высокий вал и большой хлеб.

В Мартукском районе предстоит убрать зерновые на площади свыше 88 тыс.га, из них озимые составляют почти 10 тыс га.

Аграрии торопятся. Нарастивают темп косовицы.

Но, как говорится, результат зависит от каждого, важно не только убрать, но и сохранить урожай.

Вместимость Мартукского элеватора - 56 тысяч тонн. Всё поступающее сюда зерно проходит строгий контроль. Лаборанты на визировочной берут пробы каждой прибывшей партии, определяют сорность, влажность и другие параметры, которые нужно учитывать при хранении. Далее автотранспорт следует на подъёмник для разгрузки.

Многие товаропроизводители работают с предприятием не первый год. У Мартукского элеватора уже появилась налаженная сеть аграриев - поставщиков, с которыми сложились доверительные отношения.

- Наше предприятие полностью готово

к приёму и размещению на длительное хранение зерна нового урожая, - заверил исполнительный директор Мартукского элеватора Ербол Данияров. – Крупные хозяйства возят ячмень и твердую озимую пшеницу. Это товарищества с ограниченной ответственностью «Дилэнд» из Каргалинского района, «Айс» и «Рад-Агро» из Мартукского района. Крестьянские хозяйства только начинают хлебоуборку. Мы работаем без выходных. Принимаем зерно с 8.00 до 20.00, потом ещё два часа идёт его перекачка в силосы.

Элеватор оснащен всеми механизмами и технологическим оборудованием. Проведена проверка материально-технической базы. Железнодорожные и автомобильные весы получили калибровку. Получены сертификаты на всё.

Для того, чтобы не было простоев на элеваторе, каждый этап на приёмке зерна чётко отработан.

Подготовлены склады, выполнена сезонная газация, протравка. Всё, что нужно было сделать для успешной и быстрой закладки урожая на хранение, сделано.

Нет у нас и проблемы по кадрам. Сейчас люди идут на работу. Спрашивают о вакансиях. Это радует. На данный момент

есть даже стоящие в резерве, а ведь раньше рабочих не хватало. Нынешний штат предприятия - 37 человек, из них 32 трудятся в самом элеваторе.

Проходя по территории элеватора, нельзя было не заметить благоустройства, созданного своими руками. Всюду чистота, уют. Ветки яблонь клонятся от плодов. В клумбах растут цветы. Имеется беседка, вокруг которой посажена аллея тополей, восемь голубых елей и даже редчайший канадский клён. Дорожки выкладывают брусчаткой.

У шестой вышки забетонировали подъезд и построили специальное помещение для рабочего, осуществляющего погрузку автотранспорта. Прежде, особенно зимой на ветру, сложно было тут трудиться.

Внутри элеватора сейчас проводится ремонт. Также заменены окна силосных корпусов, они добавили светлости.



На территории предприятия привлекла внимание и новая зернотранспортная техника – перегрузчик зерна из самосвала в вагон. Данный агрегат значительно сокращает затраты на загрузку железнодорожных вагонов, что минимизирует простой техники и повышает эффективность работы.

Перегрузчик – собственность элеватора, его приобрели год назад, зимой он хорошо отработал в Айтекебийском районе.

- Глава государства Касым-Жомарт Токаев в прошлом году, когда посещал поля Северного Казахстана, сказал, что нужно помогать элеваторам, выделять льготное кредитование на их модернизацию. Мы подали заявку и ждём её одобрения. Планируем приобрести новую сушилку, так как у нас она находится внутри элеватора и рассчитана только для сушки ячменя и пшеницы, для масличных не подходит. Хотим купить автономную. У нас есть два склада, нуждающихся в капитальном ремонте, приведём их в порядок, установим двери, сушилку и увеличим завальные ямы, чтобы можно было выгружать большие машины. Поэтому кредит очень нужен. Как только будет финансирование, сразу начнём монтаж, предварительные договоренности со строителями есть, - отметил Ербол Данияров.

Уборочная кампания 2026 года набирает обороты. Машины везут хлеб нового урожая на Мартукский элеватор. Его учредителями являются Адиль Курманаев и Бакытжан Мырзабеков. После поступления зерна на элеватор предстоит сложная задача по его длительному хранению в течение года.